



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

6 қыркүйек
сенбі

№67 (2180)

2025 жыл

Аялаймын сені, Қызылорда!

5 ҚЫРКҮЙЕК – ТІЛДЕР МЕРЕКЕСІ

Кез келген ұлттың, халықтың ең басты байлығы – сол халықтың ана тілі. Сондықтан да мемлекеттік тілді барлық салада қолданып, аясын кеңейту жолында қызмет ету әрбір қазақстандықтың алдында тұрған парызы десе де болады. Себебі мемлекеттік тіліміздің абыройы – тұтас еліміздің, ұлтымыздың абыройы. Туған тілдің тұғырын биіктету үшін мемлекет тарапынан жасалып жатқан жұмыстар көп. Осы орайда Қызылорда облыстық тілдерді оқыту орталығы мемлекеттік тіліміздің дамуына зор үлес қосу үстінде. Тілдерді оқыту орталығының жұмыстары жөнінде толығырақ орталықтың директоры Мартана Дәулетбаевамен сұхбаттастық.



Мартана Дәулетбаева, облыстық тілдерді оқыту орталығының директоры:

ТІЛГЕ ЖАНАШЫРЛЫҚ – ТЕК БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ ҒАНА ЕМЕС, РУХАНИ ТӘРБИЕ АРҚЫЛЫ ДА ҚАЛЫПТАСАТЫН ҚАСИЕТ

– Мартана Қонысбекқызы, Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығының қазіргі әлеуетіне, орталықтың негізгі мақсатына тоқталып өтсеңіз...

– Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы «Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы» КММ-сі 15 жылдан астам уақыт ішінде аймақ тұрғындарының тілдік ахуалын дамытуда субелі үлес қосып келе жатқан мекеме ретінде танылды. Республика бойынша 100-ден аса тіл оқыту орталықтары болса, біздің орталығымыз жылдар бойы кәсіби білікті мамандарымен республика деңгейінде көш басын түзеп келеді. Мекемені әлеуеті жоғары, заманауи талаптар үлесінен шыға білетін орталық ретінде қалыптастыру басты мақсатымызға айналды. Орталық өз қызметі аясында Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында көрсетілген басым бағыттарды жүзеге асырады. Атап айтатын болсам: Тіл үйрету әдістемесін жетілдіру (ересектерге оқыту курстарын ұйымдастыру, қазақ тілін ғылым тілі ретінде дамыту; қазақ тіліндегі контент үлесін арттыру, «Қазтест» жүйесі негізінде нысаналы индикаторларға қол жеткізу, тілдік жоспарлауды іске асыру (латынграфикалы әліпбиі). Осы міндеттерді кезең-кезең бойынша іске асыра отырып, нысаналы индикаторларға қол жеткізу бағытында қарқынды жұмыстар атқарылып келеді.

2-БЕТТЕ

Тяньцзиньдегі 25-ші ШЫҰ саммиті: Қазақстан және көпжақты ынтымақтастық

Тяньцзиньдегі Шанхай ынтымақтастық ұйымының 25-ші саммиті биылғы ең маңызды халықаралық оқиғалардың бірі. Қытайдың Тяньцзинь қаласында 31 тамыз – 1 қыркүйек күндері өткен бұл басқосу ұйым тарихындағы ең ауқымды жиын ретінде аталып отыр. ШЫҰ-ға мүше және серіктес елдердің 20-дан астам көшбасшысы мен беделді халықаралық ұйымдардың жетекшілері қатысып, күн тәртібін кеңінен қарастырды.

Екі күндік саммит қорытындысында «Тяньцзинь декларациясы» мен ШЫҰ-ның 2035 жылға дейінгі даму стратегиясы қабылданып, көпжақты ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеруге бағытталған 24 құжат мақұлданды. Сонымен бірге өңірлік қауіпсіздікке қатер төндіретін мәселелерге қарсы әрекет ететін жаңа құрылымдар – ШЫҰ-ның есірткіге қарсы күрес орталығы мен қауіпсіздік сын-қатерлеріне қарсы әрекет ету жөніндегі әмбебап орталығы ресми іске қосылды. ШЫҰ аясындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың символына айналған «Туристік және мәдени астана» эстафетасы 2025–2026 жылдарға Қырғызстанның Чолпон-Ата қаласына берілді. Мерейтойлық саммит ШЫҰ кеңістігіндегі саяси, экономикалық, цифрлық және гуманитарлық өзара іс-қимылдың басымдықтарын айқындап, ұйымның келесі ширек қасырдағы бағыт-бағдарын белгілеп отыр.

Саммитке Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қатысты. Мемлекет басшысы отырыста сөйлеген сөзінде көпжақты ынтымақтастықтың негізгі бағыттары бойынша Қазақстанның көзқарасын баяндап, ШЫҰ-ның даму басымдықтарына байланысты бірқатар бастамалар ұсынды. Президенттің айтуынша, Қазақстан ШЫҰ-ның әділ көпорталықты әлемдік тәртіпті орнату, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету, мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау және олардың егеменді дамуға құқығын мойындау, әділетті халықаралық сауда мен өзара тиімді инвестициялық ынтымақтастық секілді негізгі мақсаттарын толық қолдайды. Қазақстан басшысы осы саммитте қауіпсіздік, сауда-экономикалық және көлік, цифрлық технологиялар, мәдени-гуманитарлық және экологиялық салалардағы ынтымақтастықты тереңдету жолдарына жеке-жеке тоқталып, бұл бағыттарда нақты ұсыныстар айтты. Төменде саммитте көтерілген әрбір ынтымақтастық бағытына және сол аяда Қазақстанның қосқан үлесіне талдау жасаймыз.



Көшбасшылық пен көпвекторлы саясаттың жемісі

Қазақстан–ШЫҰ-ның негізін қалаған алты мемлекеттің бірі. 2001 жылы құрылған сәттен бастап ұйымның мақсат-міндеттерін ілгерілетуге белсенді атсалысып келеді. Сарапшылардың пайымдауынша, Қазақстан өзінің көпвекторлы сыртқы саясатының арқасында Еуразиядағы халықаралық құрылымдарда табысты бастамашыл рөл атқарып отыр. Бұл әсіресе Қазақстан 2023–2024 жылдары ШЫҰ-ға төрағалық еткен кезеңде айқын көрінді. 2024 жылы Астанада өткен ШЫҰ саммитінде Қазақстан тарапы ұйымның күн тәртібін едәуір кеңейткен бірнеше маңызды ұсыныс көтерді. Атап айтқанда, Президент Тоқаев БҰҰ-ның Орталық Азия және Ауғанстан үшін Өңірлік тұрақты даму мақсаттары орталығын Алматы қаласында ашуы, ШЫҰ аясында Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттік құруды және ШЫҰ Инвестициялық қорын қалыптастыруды ұсынды. Бұл бастамалардың барлығы 2024 жылғы «Астана декларациясында» көрініс тауып, мүше мемлекеттер тарапынан қолдау тапты. Сондай-ақ, Қазақстанның ұйытқы болуымен сол жылы ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер Энергетика саласындағы ынтымақтастықтың 2030 жылға дейінгі стратегиясын қабылдады. Бұл стратегия мұнай-газ, электр энергетикасы мен жаңартылатын қуат көздері, трансшекаралық электр желілері және жасыл қаржы бағыттарында өзара үйлестіруді көздейді. 2025 жылғы Тяньцзинь саммитінде осы стратегиялық құжаттың негізінде оны жүзеге асыру жөніндегі нақтылы іс-қимыл жоспары мақұлданып,

Қазақстан бастамашылық еткен энергетикалық әріптестік ұйымның орта мерзімді жоспарына бекем енгізілді.

Қазақстан төрағалығы кезінде ШЫҰ шенберінде өткізілген шаралардың мазмұны да айтарлықтай кеңейді. «timesca.com» сайтында жарияланған ақпаратқа сүйенсек, 2024 жылы Қазақстан 140-тан аса ірі іс-шара ұйымдастырып, олар қауіпсіздік, экономика, мәдениет сынды сан алуан салаларды қамтыды. Мұндай белсенділік ұйым тарихында бұрын-соңды болмаған және Астананы Еуразиядағы «саяси жанашыл» мемлекет ретінде танытты. Мәселен, энергетика бағытында жоғарыда аталған ортақ стратегия қабылдана, мәдени-гуманитарлық дипломатия аясында Қазақстан төрағалығы кезінде «ШЫҰ елдерінің киелі орындары» атты жоба бастау алып, ортақ өркениеттік мұраны бірлесі зерттеу мен насихаттау ісі қолға алынды. Сол сияқты денсаулық сақтау саласында Президент Тоқаев алғашқы медициналық көмекті дамыту жөніндегі халықаралық коалиция құру идеясын алға тартып, пандемия сабақтарын ескере отырып, ұйым шенберінде денсаулық қауіпсіздігін күшейтуге шақырды. Қазақстанның бұл бастамалары ШЫҰ қызметінің бастапқы қауіпсіздік бағытынан шығып, даму және әлеуметтік мәселелерді қамтуына ықпал етті. Жалпы, ұйымның келешек дамуына Қазақстанның қосқан үлесін сараптай келе, «Times of Central Asia» басшылығы Астананың белсенді іс-қимылы мен стратегиялық ұсыныстары ШЫҰ-ның күн тәртібін айтарлықтай байытып, ұйым ішіндегі елдің жетекшілік беделін нығайтқанын атап өтеді.

2-БЕТТЕ

БАСЫНДАҒЫ БОМБА: инсульт үндемей соғады

Кейде біреудің «басым айналып тұр», «қол-аяғым ұйып қалды» деген сөздеріне мән бермей, жәй шаршау деп қабылдаймыз. Бірақ бұл белгілердің артында өте қауіпті дерт – инсульт тұруы мүмкін. Инсульт – адамның өмірін екіге бөлетін, бір сәтте бәрін



өзгертіп жіберетін өте ауыр жағдай. Қарапайым тілмен айтсақ, инсульт миға қан бармай қалуы немесе қан құйылып кетуі. Қазақстанда инсульттен көз жұму мен мүгедек болу көрсеткіші алаңдатарлық деңгейде. Ал ең өкініштісі – бұл дерттің алдын алуға болар еді. «Жас кезім ғой, маған инсульт келмейді» дейсін бе? Кәтелессең. Бұрын инсульт тек егде жастағы адамдарда кездеседі деген түсінік болды. Қазір бұл дерт 25-30 жастағылардың да есігін қағып жүр. Бұған не себеп, инсульттің алғашқы белгілері мен алдын алу жолдары қандай? Адамды мүгедек ететін дерт неге дендеп кетті? Осы орайда «Алексей Сұлтан Ахмет» қалалық емханасының невропатолог, эпидемиолог дәрігері Қуанышбек Алмағамбетовпен сұхбаттасқан болатынбыз. Дәрігер инсульттің белгілері, емдеу тәсілдері мен алдын алу жолдары туралы айтып берді.

4-БЕТТЕ

ҚЫРКҮЙЕКТІҢ БІРІНШІ ЖЕКСЕНБІСІ – МҰНАЙШЫЛАР КҮНІ



Сыр өңірінің экономикасының қарыштап дамуына, өңірдегі құрылыс қарқынының өркендеуіне, халықтың әлеуетінің артуына мұнай өндірісінің ықпалы зор. Кезінде Отан соғысының отты жылдарында мұнайдың кәдір-қасиетін классик ақын Асқар Тоқамағамбетовтен артық ешкім жеткізе алмаған шығар...

Мұнайшылар, мұнай бер,

Соны сізден сұрайды ел, – деген өлеңді газеттен оқитынбыз, ұран ретінде жазылған үзінділерін көшеде де, өндіріс орындарында да көретінбіз. Сондықтан санада жатталып қалған. Сол қара алтынның бүгінде бәсі жоғарыламаса төмендеген емес. Өткен жылы Қазақстан мұнайының 125 жылдығы кең көлемде аталып өтті. Бұл өз ғұмырын мұнай-газ өнеркәсібімен байланыстырған геологтар, бұрғылаушылар, энергетиктер, құрылысшылар және тасымалдаушылардың да мерекесі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Мұнай және газ саласы отандық шағын және орта бизнесті дамытуға,

МҰНАЙЛЫ ӨҢІРДІҢ МҰРАТЫ БИІК

жаңа жұмыс орындарын ашуға, өндірістерді оқшаулауға айтарлықтай серпін береді» – деген болатын.

Кезінде Құмкөл кенішінің ашылуы – Сыр өңірінің мұнайлы өлке ретінде дамуы мен өнеркәсіптік аймаққа айналуының негізін қалады. Сол кезеңнен бері Сыр мұнайы экономикамыздың дамуына зор үлесін тигізді. Өңір экономикасының негізгі локомотиві болды. Қазірдің өзінде, игерілген кен орындарының көпшілігі өндірістің соңғы сатысына шығып, қалған қорын өндіру қиын болғанымен мұнай-газ саласы біздің аймақтың экономикасын дамытуда үлкен рөл атқарады. Тіпті олардың демеушілігімен көптеген әлеуметтік нысандар ашылуда.

– Мұнай компаниялары аймақтағы бірқатар әлеуметтік маңызы бар мәселелер мен жобаларды шешуге қолдау көрсетуде. «КазГерМұнай» компаниясының демеушілігімен құны 2 млрд 350 млн теңгеге 350 орындық заманауи үлгідегі Оқушылар сарайы салынып, пайдалануға берілді. «Сауте Ойл» компаниясының демеушілігімен жалпы құны 4 млрд 800 млн теңгені құрайтын 650 орындық заманауи үлгідегі жаңа музыкалық колледж ел игілігіне берілді. «Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсіз» компаниясы жыл сайын түрлі қайырымдылық акцияларына белсене қатысып келеді. 2004 жылы «Қазгермұнай» компаниясы газ өңдеу қондырғысын орнатып, нәтижесінде Қызылорда қаласының тұрғындары көгілдір отынмен қамтамасыз етілді. 2010 жылы автокөліктерге арналған сұйылтылған газ өңдеу қондырғысын орнатып, тұтынушыларды газбен қамтуда, – деген еді облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев.

Мұнай Қазақстан үшін басты игіліктің көзі болып қала береді. Оның қатарында Сыр өңірінің болуы болашақ көкжиегіміздің жарқын екенінің айғағы.

Ғайһар ҚОЖАХМЕТОВА
Суретке түсірген Нұрболат НҰРЖАУБЫ

ШЫҰ кеңістігінде Қазақстанға қандай мүмкіндік береді?

Экономикалық ынтымақтастық – ШЫҰ қызметінің уақыт өте кеңейе түскен тағы бір басым бағыты. Бастапқыда қауіпсіздік мүдделері үшін құрылған ұйым соңғы жылдары сауда, инвестиция және көлік-логистиканың алып алаңына айналып келеді. Президент Қ.Тоқаев саммитте сөйлеген сөзінде экономикалық әріптестіктің қорытындылары мен әлеуетін нақты деректермен айшықтап берді.

– ШЫҰ құрылған сәттен бері елдеріміздің әлемдік ішкі жалпы өнімдегі үлесі екі есе ұлғайып, 30 пайызға жетті. Ішкі өңірлік сауда сенімді түрде өсіп келеді. Былтырғы қорытынды бойынша оның көлемі 650 миллиард доллардан асты. Қазақстанның ШЫҰ елдерімен тауар айналымы да тұрақты түрде өсіп, өткен жылы 70 миллиард долларға жуықтады. Қазақстан ШЫҰ даму банкің құру жөніндегі Қытайдың бастамасына қолдау білдіріп, аталған перспективті жобаға атсалысуға әзір. Бұдан бөлек, Астана халықаралық қаржы орталығы базасында перспективті инвестициялық жобаларды сүйемелдеп, заңгерлік, консалтингтік және қаржылық компанияларды шоғырландыратын ШЫҰ Кеңесің құруды ұсынамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл сандар ШЫҰ-ның экономикалық блок ретіндегі орасан әлеуетін аңғартады. Мәселен, Қытайдың ұйым елдерімен тауар айналымы 2024 жылы 2,3 триллион доллардан асқан, ал Қытайдың ШЫҰ аумағына салған тікелей инвестицияларының жинақтық көлемі 84 миллиард долларға жеткен. ШЫҰ-ның әлем халқының шамамен жартысын қамтитынын ескерсек, мұндағы экономикалық ынтымақтастықтың жаһандық маңызы да артып келеді.

Тяньцзиньдегі кездесуде Қазақстан басшысы сауда-логистикалық байланыстарды одан әрі арттыруға қолайлы жағдай бар екенін атап өтті. Тоқаевтың айтуынша, «Бір белдеу, бір жол» атты ауқымды бастама аясында жүзеге асып жатқан инфрақұрылымдық жобалар ШЫҰ кеңістігінде транзит пен тасымалды жана белеске шығарып отыр. Айта кету керек, Қытай Төрағасы Си Цзиньпин дәл осы Қазақстанда, 2013 жылы Астанада сөйлеген кезінде, Жібек жолының жаңғыру идеясы – «бір белдеу және жол» бастамасын алғаш ұсынған болатын. Содан бері бұл бастама аясында Қытай мен Орталық Азия арасында және бүкіл Еуразия бойынша автомагистралдар, теміржол желілері, өндірістік нысандар салу бағытында жүзделген жоба іске асырылды. Қазақстан «Белдеу және жол» бағдарламасының ең алғашқы және негізгі қатысушыларының бірі. Бүгінде осы бағдар шеңберінде біздің елде логистика, өнеркәсіп, энергетика салаларында ондаған бірлескен кәсіпорын табысты жұмыс істеуде. Президент Тоқаевтың мәліметінше, «Белдеу және жол» жобасы толық қуатына енгенде оның бойындағы сауда және логистикалық операциялар барлық қатысушы елдерге жыл сайын 1,5 триллион доллар кіріс әкелуі мүмкін.

– Солтүстік – Оңтүстік және Шығыс – Батыс, сондай-ақ Транскаспий

Басы 1-бетте

Мартана ДӘУЛЕТБАЕВА, облыстық тілдерді оқыту орталығының директоры:

ТІЛГЕ ЖАНАШЫРЛЫҚ – ТЕК БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ ҒАНА ЕМЕС, РУХАНИ ТӘРБИЕ АРҚЫЛЫ ДА ҚАЛЫПТАСАТЫН ҚАСИЕТ

– **Орталықтың жұмысы қоғамда көп кездесетін қандай тілдік мәселелерді шешуге бағытталады?**

– Тіл бар жерде мәселе де бар. Аймақтағы тіл үйрететін мемлекеттік орталық ретінде қоғамдық жұмыстарға араласып, тіл мәселесіне байланысты сұрақтарға толық әрі нақты жауап беруге тырысамыз. Әсіресе, ас мәзірін қазакшалау бойынша қаладағы қоғамдық тамақтану орындарынан келіп түсетін өтініштерге орталық мамандары (оқытушылар мен аудармашы) дер кезінде сапалы жауап беруге дайын. Тағы бір мәселе «Қазтест», «Қазресми тест» жүйесі негізінде дайындық жұмыстары мен ақпараттық сағаттар жүргізіледі. Қазіргі таңда жастарымыз тренді үлгілеп, сленгпен сөйлеуге көшіп кетті. Мұны жаһандану жаңалығы деп қабылдайтындар да бар, дегенмен қазакшылықтың қаймағы бұзылмаған Сыр жұртшылығы үшін үлкен сын болар еді. Осы ретте, жастар арасында мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, көп тіл білетін жастарды қолдау мақсатында «Политглоттар», «Жүзден жүйірік», «Этно quiz» интеллектуалды байқаулары мен «Тіл – қылыштан да өткір» жайдарманыштар ойыны дәстүрлі түрде өткізілуде. Осылайша қоғамдағы мемлекеттің тілдің әлеуетін көтеруге жұмыс жасалып жатыр.

– **Бүгінгі заман талабы – тіл үйренудің маңызына тоқтала кетсек...**

– Ақын Қадыр Мырзаәлінің: «Ана тілің – арың бүл, Ұятын боп тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте!» деген тағылымға толы туындысы барлық қазакстандық азаматтың ұранына айналды. Жыл сайын мемлекеттік тіл бойынша тапсырылатын емтихандардың мазмұны тереңдеп, салмағы арта түскендей. Магистратура, докторантурадан бастап қызметке орналасу емтихандарында тесттік тапсырмалар мен ауызша-жазбаша қарым-қатынастарын байқау сынақтарының болуы – осының дәлелі. Бұдан шығатын қорытынды мектеп қабырғасында үйренген тілдің білімін одан әрі

Тяньцзиньдегі 25-ші ШЫҰ саммиті: Қазақстан және көпжақты ынтымақтастық



халықаралық көлік дәліздерінің мүмкіндігі мол. «ТрансАлтай диалогы» бастамасының жүзеге асырылуына үлкен үміт артамыз. Аталған жобаға Қазақстан, Ресей, Қытай және Монғолия елдері қосылып, Еуразиядағы «Алтай» аймағының жер көлемі, халық саны, экономикалық қуаты секілді бірегей әлеуетін тиімді пайдалана алады. Ірі жобалар мен жоспарларды іске асыру үшін мемлекеттер арасындағы көлік байланысын нығайтып, транзиттік-тарифтік стратегияға сай келетін тәсілдерді ойластыруымыз керек. Бұл мәселе Ақтау қаласында қараша айында өтетін Шанхай ынтымақтастық ұйымының порттары мен логистикалық орталықтары басшыларының алғашқы форумындағы келіссөздер мен пікірталастарға арқау болуы мүмкін, – деді Президент.

Тоқаев бұл жоба арқылы төрт елдің территориясы, халқы және экономикасының әлеуетін үйлестіруге болатынын айтып өтті. Трансөңірлік көлік дәліздерін жетілдіру – Қазақстанның ұзақмерзімді басымдығы, себебі еліміз Еуразияның дәл жүрегінде орналасқан ірі транзиттік хабқа айналуы көздейді.

Қазақстан ШЫҰ аясындағы инвестициялық ынтымақтастықты жаңа деңгейге шығаруды қолдайды. Атап айтқанда, Тоқаев Қытай тарапынан ұсынылған ШЫҰ Даму банкінің құрылуын құптағанын және бұл маңызды жобаны іске асыруға атсалысуға дайын екенін жеткізді. Бұл банк құрылса, ұйымға мүше елдер ортақ қаржы институты арқылы инфрақұрылым, өнеркәсіп, энергетика сияқты стратегиялық салалардағы жобаларды жеңілдетілген несиелер есебінен қаржыландыру мүмкіндігіне ие болар еді. Сонымен бірге Қазақстан Президенті перспективалы инвестицжобаларды қолдау үшін ШЫҰ-ның арнайы офисін Астана халықаралық қаржы орталығы (АХҚО) алаңында ашуды ұсынды. АХҚО бүгінде ағылшын құқығы негізінде жұмыс істейтін өңірдегі қаржы хабына айналған, онда 70-тен астам мемлекеттен келген 1500-ден аса компания тіркелген. Осы орталық базасында ШЫҰ-ға мүше елдердің заңгерлік, консалтингтік және қаржылық ұйымдарын шоғырландыру арқылы бірлескен жобаларды тиімді

сүйемелдеу мүмкін болмақ. Қазақстанның бұл бастамасы ұйымға мүше елдер тарапынан қызығушылық тудырды, себебі ШЫҰ кеңістігінде ортақ жобаларды қаржыландыру тетіктері әлі толық қалыптаспаған.

Экономикалық ынтымақтастықты нығайту мақсатында Қытай төрағасы Си Цзиньпин саммитте энергетика, инфрақұрылым, жасыл индустрия, цифрлық экономика, ғылыми-техникалық инновациялар және жасанды интеллект сияқты перспективалы бағыттарда ынтымақты арттыруға үндеді. Си Цзиньпин сондай-ақ ұйым аясында жеке даму банкің тездетіп құруды, бұл банк қауіпсіздік пен экономикалық әріптестіктің берік қаржылық негізіне айналатынын атап өтті. Қытай лидері өз елінің тарапынан ШЫҰ елдеріне биыл 2 миллиард юань грант және алдағы үш жылда 10 миллиард юань жеңіл несие бөлуге уәде берді. Бұл ұсыныстар Қазақстан бастамаларымен үндес келеді деуге болады. Жалпы, экономикалық өлшем ШЫҰ құрылымында жылдан-жылға маңыз алып келе жатқаны анық. Қазақстан үшін ұйым кеңістігінде сауда-саттықты ұлғайту, транзиттік мүмкіндіктерін арттыру және сыртқы инвестиция тарту – тікелей ұлттық экономикалық мүдделеріне сай келетін пайдалы үрдіс.

Аймақтық қауіпсіздікті күшейту үшін Қазақстан бастамалары қандай нәтиже берді?

ШЫҰ шеңберіндегі қауіпсіздік мәселелері бастапқы кезден-ақ ұйымның басты міндеттері саналды. Биылғы саммитте Қазақстан Президенті қазіргі геосаяси ахуалда қауіпсіздік ынтымақтастығын одан әрі нығайтуға баса назар аударды. Халықаралық терроризм, діни экстремизм, сепаратизм, сондай-ақ трансұлттық есірткі тасымалы, зансыз көші-қон және киберқылмыс сынды қауіп-қатерлердің өршуі жағдайында оларға тек бірлескен күш-жігер арқылы төтеп беруге болатынын Тоқаев қадап айтты. Президент

Қазақстанның осы қауіптермен күресу үшін ШЫҰ аясында төрт арнайы орталық құру туралы бастаманы қолдайтынын мәлімдеді. Тяньцзинь саммитінде мүше мемлекеттер бұл ұсынысты бірауыздан құптап, жоғарыда айтылғандай, қауіпсіздікке төнген сын-қатерлерге қарсы іс-қимыл орталықтарын ресми іске қосты. Қазақстан өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісінде ұйымның басқа құрылымдарымен байланысты күшейтуге мүдделі.

– Халықаралық қауіпсіздікке төнген мұндай сын-қатерлерге, соның ішінде «үш ауылдымдық» қарсы бірлесіп қана күресуе аламыз. Сондықтан Қазақстан ШЫҰ-ның қауіпсіздік сын-қатерлерімен күрес жөнінде төрт орталық құру бастамасын қолдайды. Шанхай ынтымақтастық ұйымы мен Азиядағы өзара сенім шаралары жөніндегі кеңес арасында іскерлік байланыстарды күшейту маңызды деп ойлаймыз. ШЫҰ елдерін Ауғанстанға гуманитарлық, техникалық көмек көрсетуді жалғастыруға шақырамын. Сол арқылы аталған мемлекетті қалпына келтіріп, өңірлік және экономикалық процестерге қатыстыра аламыз. Қазақстан Ауғанстанның біртұтас инфрақұрылымдық және логистикалық жобаларының құрылысына кірісті. Бұл ШЫҰ мемлекеттері арасындағы өзара байланысты күшейтуге мүмкіндік береді. Тамыз айының басында Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысының қатысуымен Алматыда БҰҰ-ның Орталық Азия мен Ауғанстан үшін орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталық ресми түрде ашылды. ШЫҰ-ға қатысушы мемлекеттерге барлық басым бағытта белсенді аймақтық байланыс орнату және күш-жігерді үйлестіру үшін аталған Орталықтың әлеуетін бірлесе пайдалануды ұсынамыз, – деді Президент.

Цифрлық технологиялар және инновациялық ынтымақтастық

ШЫҰ елдері заманауи технологиялық сын-қатерлер мен мүмкіндіктерді бірлесіп еңсеруге мүдделі. Цифрлық трансформация – ұйымның жана онжылдықтағы стратегиялық басымдықтарының бірі

ретінде танылды. Қазақстан бұл бағытта да алдыңғы қатарда тұр. Президент Тоқаев Тяньцзиньдегі сөзінде жасанды интеллект (AI) және цифрлық экономика саласындағы ықпалдастықты күшейтуге айрықша назар аударды. Оның дерегіңше, алдағы онжылдықта, 2033 жылға қарай, жаһандық AI нарығының көлемі 5 триллион АҚШ долларына жетіп, бүкіл әлемдік технологиялық индустрияның 30 пайызын құрауы мүмкін. Мұндай жылдам өсім жағдайында артта қалмау үшін ШЫҰ елдері бірлесе әрекет етуі керек. Тоқаев ШЫҰ-ның жасанды интеллектті жедел дамыту бойынша ғаламдық көшбасшыға айналу алатынына сенімді екенін айтып, Қытай тарапынан ұсынылған Ғаламдық AI ынтымақтастығы ұйымын құру бастамасын толық қолдайтынын және Қазақстанның бұл маңызды істе өз үлесін қосуға дайын екенін мәлімдеді. Президенттің сөзіңше, Қазақстан цифрландырудың бүкіл күн тәртібі бойынша тиімді кооперацияны дамытуын жақтайды, соның ішінде экономиканың нақты секторларда, денсаулық сақтау, көлік және логистика салаларында, сондай-ақ қалаларды басқару жүйелерінде «ақылды шешімдерді» кеңінен енгізу қажеттігін атап өтті. Бұл – еліміздің IT саласындағы тәжірибесі мен әлеуетін өңірлік ауқымда бөлісуге даяр екенінің көрінісі.

Қасым-Жомарт Тоқаев осы бағыттағы нақты қалам ретінде ШЫҰ-ның жасанды интеллект бойынша тұрақты сарапшылар форумын өткізуді ұсынды.

– Алғашқы кездесуді Астанада Digital Bridge белелді форумы аясында өткізуге дайынбыз. Бұдан бөлек, еліміз 2027 жылы «ШЫҰ-ның экономика қызметіндегі жасанды интеллект» тақырыбында жоғары деңгейдегі конференция ұйымдастыруға ниетті. Ал келесі жылы Ұйым елдері бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен бірге жана технологиялық дәуірдегі ақпараттық саясат проблемаларын талқылауға әзірміз, – деді Президент.

Бұл ұсыныстар цифрлық саланың түрлі қырларын қамтитыны анық: бір жағынан инновациялық технологияларды дамыту және қолдану мәселелері талқыланса, екінші жағынан сол технологиялардың ақпараттық кеңістікке ықпалы мен қауіпсіздігі мәселелері қарастырылмақ. Қазақстан үшін мұның бәрі өзекті: ел ішінде «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы жүзеге асырылуда, Astana Hub IT-стартаптар технопаркі, «Digital Bridge» халықаралық технологиялық форумы сынды бастамалар бар. Енді Астана осы тәжірибесін ШЫҰ алаңына шығаруға дайын.

Цифрлық ынтымақтастық бағытында Қырғызстанның да өзіндік бастамалары бар екенін айта кеткен жөн. Мысалы, келесі 2025-2026 жылғы ШЫҰ төрағасы ретінде Қырғызстан «цифрлық трансформация» мәселесін басты назарда ұстайтынын мәлімдеді. Бішкек жақын уақытта ШЫҰ Жастардың цифрлық форумын өткізіп, мүше елдер арасында бірлескен

инновациялық жобаларды қолдауға ниетті екені хабарланды. Бұл – ұйым аясында цифрлық саланың келешекте де күн тәртібінен түспейтінін көрсетеді.

Мәдени және гуманитарлық байланыстар

ШЫҰ қызметінің тағы бір маңызды қыры – мәдени-гуманитарлық өзара іс-қимыл. Ұйым «Шанхай рухы» деп аталатын өзара сенім, түсіністік және тату көршілік қағидаттарын тек ресми басқосуларда ғана емес, халықтар арасындағы достық байланыстар арқылы да нығайтуға басымдық береді. Қазақстан бұл үрдісті де белсенді қолдап келеді. Мәселен, жоғарыда аталған «ШЫҰ елдерінің киелі орындары» жобасы Қазақстан төрағалығы кезінде басталып, ұйымға мүше әр елдің мәдени-тарихи ескерткіштері мен қасиетті орындарының тізімі жасалды. Мұндағы мақсат – ортақ тарихи мұра мен туризмді дамыту арқылы мәдени жақындасуға жол ашу. ШЫҰ аясында мәдениеттер диалогын тереңдету үшін кинофестивальдер, өнер көрмелері, студенттер форумдары сияқты алуан түрлі шаралар тұрақты өтіп тұрады. 2022 жылы ұйым құрылымында ШЫҰ-ның Жастар кеңесі құрылған болатын, ал 2023 жылы алғашқы ШЫҰ Университеттері Альянсы іске қосылды – бұлар білім алмасу және жастар саясаты бағытындағы маңызды қаламдар.

25 жылдық тарихында Шанхай ынтымақтастық ұйымы қауіпсіздік мәселелерін шешуден бастап экономикалық, технологиялық, мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытатын кең ауқымды өңірлік ұйымға айналды. Тяньцзиньдегі мерейтойлық саммит осы эволюцияның логикалық жалғасы болып, ұйымның көпекторлы серіктестікке бейбілділігін тағы да көрсетті. Бұл саммитке Қазақстан жан-жақты және белсенді қатысуы арқылы назар аударғты.Еліміздің бастамалары қауіпсіздік саласында жана құрылымдардың құрылуына, экономикада ортақ қаржы тетіктерін қалыптастыруға, цифрлық күн тәртібін байытуға және экологиялық мәселелерді бірлесіп қарауға жол ашты. ШЫҰ шеңберіндегі белсенді жұмыс Қазақстанның өзіндік ұлттық мүдделеріне де толық сай келеді. Біріншіден, ұйым аумағында бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау – Қазақстанның қауіпсіздік пен аумақтық тұтастық кепілі. Екіншіден, экономикалық ынтымақтастық пен инфрақұрылымдық байланыстардың нығаюы – Қазақстанның өркендеуіне тікелей ықпал ететін фактор. Үшіншіден, технологиялық және мәдени алмасулар – еліміздің жаңғыруы мен жаһандық орнын айқындауға сеп болатын жол. Сондықтан Қазақстан алдағы уақытта да ШЫҰ жұмысына белсене қатысып, оның дамуына үлес қосуды жалғастыра беретіні сөзсіз. Бұл тарихи межеде Қазақстан ұйымының белсенді тең төрағаларының бірі ретінде оның көпжолыры әлемдегі рөлін күшейтуге және мүше мемлекеттердің достастық дамуына бар күш-жігерін салатынына күмән жоқ. Қазақстан үшін ШЫҰ – сыртқы саясаттағы көпекторлы стратегиясының ірі жемісі және болашақта да берекелі ынтымақтастықтың кепілі болмақ.

София ХАЙРУЛЛА

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ ҰЛТТЫ ҰЙЫСТЫРАДЫ

Ардақты Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисінде: «Алла Тағала кімге жақсылықты қаласа, соған дінді терең түсінуді нәсіп етеді», – делінген. Дін іліміне терең бойлап, оны халыққа дұрыс жеткізе білу сауабы мол іс. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ұйытқы болуымен асыл дініміздің құндылықтары дәріптелуде. Мәселен, Діни басқарманың рухани құндылықтарды сақтауда, оны насихаттау жолында қабылдаған құжаты ел мұсылмандары үшін маңызды құндылық болып табылады.

Діни басқарма қабылдаған маңызды құжаттың бірі – «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының рухани (діни және ұлттық) құндылықтарды насихаттаудағы ролі» деп аталады. Бұл жайында айтпай кетуге болмайды. Бұл құжат 2023 жылы қабылданды. Құжат бізге не береді немесе біз одан қандай рухани байлық аламыз?!

Осы жөнінде айтсақ...



құралы. Алла Тағала дін секілді ең ұлық аманатты ақыл иелеріне табыс еткен. Құранның көптеген аяттарында «ойланбайсындар ма?», «ақыл жүгіртпейсіндер ме?» деп, ақылды қолдануға шақырған. Сондықтан да ислам шариғаты ақыл-есті сақтау үшін мас қылушы ішімдіктер мен түрлі есірткілерді қолдануды харам еткен.

4. Ұрпақты сақтау. Адам баласының осы өмірде бақытты өмір сүруі ұрпақтың жалғасуына қатысты болғандықтан отбасын құру – адам табиғатының қажеттілігі. Ислам діні ұрпақты сақтау әрі жалғастыру мақсатында отбасын құруға ынталандырып, ақ некені шарт қылған. Ұрпақ жалғасымы мен тектілігін сақтау үшін Алла Тағала зинаны арам етіп, себепсізден-себепсіз түсік жасауға тыйым салған.

5. Дүние-мүлікті сақтау. Ислам шариғаты мүлік иелену құқығын кепілдікке алған. Адам баласына осы дүниеде тұрмыс тауқыметін тартпай, дұрыс өмір сүру үшін мүлік иелену құқын берген. Ислам еңбексүйгіштікке, адал табыс табуға ынталандырып, бай, дәулетті қүй кешуге тыйым салмаған. Қоғамды кері тартатын жалқаулық пен қайыр тілеуді құл көрмеген. Адамдар арасындағы араздық пен қызғанышты жойып, әлеуметтік теңдікті сақтау үшін зекет беруді парыз етіп, өзгенің мүлкіне қол сұғуға, ұрлыққа, пайыздық өсімге, құмар ойындарына қатаң тыйым салынған.

Бұл бес құндылық адам өмірінен орын алатын ең керекті байлығы. Бұлар жоғалған сәтте адам баласы адами құндылықтардан ұзай бастайды. Сонымен қатар асыл дініміз ұлттық құндылықтарды сақтауға да ерекше мән береді. Әрбір ұлт пен халықтың жүріп өткен жолы, тарихы болады. Ғасырлар бойы қалыптастырған ұлттық құндылықтары, салт-дәстүрлері мен мәдениеті тағы бар. Қазақ халқының да ұлт ретінде ұйысуына ислам дінінің жасаған ықпалы тым бөлек.

Он сегіз мың ғаламның Иесі «Рум» сүресінің 22-аятында: «Көктер мен жерді жаратуы, тілдерінің, түстерінің алуандылығы да Оның белгілерінен. Шүбәсіз, бұларда білгендер үшін белгілер бар», – деу арқылы ақылға салып, ойланған адам үшін тілдердің, нәсілдер мен ұлттардың өте көп және сан алуан болуы Жаратушы даналығының дәлелі екенін баяндаған. Ал «Хужурат» сүресінің 13-аятында: «Әй, адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер, бір әйелден жараттық. Сондай-ақ бір-біріңді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық. Шынында Алланың қасында ең ардақтыларың – тақуаларың. Шүбәсіз, Алла толық білуші, әр нәрседен хабар алушы», – деп адамдардың мәдени және этникалық әртүрлілігінің мәнін көрсеткен. Алла Тағала адамдарды бір-бірімен танысып, білісулері үшін түрлі ұлт пен ұлыстарға бөліп, өздеріне тән ұлттық ерекшеліктер сыйлаған.

Ислам діні тек қана құлшылықтардан тұрмайды. Ол әрі – имандан қуат алған, адамды кемелдікке бастар моральдық-этикалық құндылықтар жиынтығы. Қазақ халқы күнделікті өміріндегі отырып-тұруы, сөз тындап, сөйлеу әдебі, тамақ жеуі, киім киюі т.с.с. қарапайым әрекеттерін

мұсылмандық өмір салтына негіз еткен. Ислам қазақ халқының рухани өзегіне айналды.

Халқымыздың ұрпақ санасында арлық, адамгершілік, құдайшылдық, адалдық пен тазалық секілді қасиеттерді бойларына сіңіруде қолданған мақал-мәтелдері мен нақыл сөздеріне үнілсек, ислам дінінің ұстанымдарын анық байқаймыз. Мәселен, халқымыз «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы», «Пайда ойлама – ар ойла», «Ұят бар жерде иман бар», «Құдай деген құр қалмас», «Аққа құдай жақ», «Құдайға сенген құстай ұшар, адамға сенген мұрттай ұшар», «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қағидаттарды өмірлік ұстанымдарына айналдырған. Қазақ халқының дүниетанымында дінімізден бастау алатын адамгершілік-имандылық, ар-ұят, кісілік қасиеттер жоғары бағаланған. Қазақ дүниетанымы мен әдеп жүйесінде күнә тәубе, обал-сауап, «жаман болады», «ұят болады», қанағат, шүкір, сабыр, адамгершілік, үлкенді сыйлау, әділеттілік, батырлық, отансүйгіштік, парыз бен қарыз т.б. секілді ислами категориялар жоғары тұрған. Халқымыз исламның асыл құндылықтарын «жаман болады», «ұят болады», «обал болады», «сауап болады» деген қарапайым түсініктермен-ақ ұрпақ санасына сіңіре білген. Қазақ халқы өте ерте кездерден-ақ ислам дінін қабылдап, оны өмірінің рухани өзегіне айналдырған.

Қазақтың тұрмыс салты мен әдет-ғұрпын ислам дінінен бөлек қарастыру мүмкін емес. Ислам діні қазақ даласында Әлі-Фараби, Иассауи, Баласағұни, Бақырғани, Иүтнеки, Хайдар Дулати секілді даналардың кезеңінде нағыз гүлденген дәуірін бастан кешірді. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпы, фольклоры, жырдастандары, шешендік сөздері, термелері, діни дастандары, мақал-мәтелдері, өлең-жырлары да ислам нәрімен уызданды. Сондықтан дәлелдеуді қажет етпейтін «Қазақ – мұсылман» деген аксиома қалыптасты.

Қазақ руханиятының негізі – діни және ұлттық құндылықтардан тұрады. Бұл руханияттың тамыры ғасырлар бойы науында жатыр. Бүгінгі Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы да бабалардан қалған сол жолды қайта жаңғыртып, жалғастырып келеді. Осы мақсатта арнайы құжат қабылдап, ел ішіне насихаттау жұмысын жүргізуде.

Біздің ұлттық құндылықтарымыз – дініміз, тіліміз және діліміз. Рухани құндылықтар ұлтты ұйыстырады. Адамзат қанша шарықтап дамыса да бабалар ұстанған діни-рухани құндылықтарымыз ешуақытта құнын жоғалтпайды. Құндылықтар шапшаң өзгеріп жатқан кәзіргі таңда діни және ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, ұрпағымызды заман талабына сай, бәсекеге қабілетті, білім мен ғылымға, еңбексүйгіштікке, ұлтжандылық пен отансүйгіштікке тәрбиелей алуымыз қажет. Бұл бүгінгі күннің талабы.

Қайырбек ОТЫЗБАЕВ,

Қызылорда қалалық «Мүсірәлі ата» мешітінің бас имамы

ЖОБА

Қызылжарма ауылдық округі бойынша көше атауын беру туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Қызылорда облыстық ономастика комиссиясының 2025 жылғы 26 тамыздағы №1 қорытындысы негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, ШЕШТІМ:

1. Қызылжарма ауылдық округіндегі келесі көшелер аталсын:

№29 атауы жоқ көшесін – «Медетбай Базарбаев» көшесіне;

Атауы жоқ көшесіне – «Бекмағанбет Бейсбаев» көшесіне;

№34 атауы жоқ көшесін – «Үбайдулла Есжанов» көшесіне;

№33 атауы жоқ көшесін – «Ермағанбет Баймағанбетов» көшесіне;

Атауы жоқ көшесіне – «Оразалы Төлебаев» көшесіне;

№20 атауы жоқ көшесін – «Сәрсенбай Анкамов» көшесіне;

№31 атауы жоқ көшесін – «Нұрқаш Досжанов» көшесіне;

№28 атауы жоқ көшесін – «Шәкірбек Қожамқұлов» көшесіне;

№16 атауы жоқ көшесін – «Өтеубай Ордабаев» көшесіне есімі берілсін;

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

ША.БДРАХМАНОВ

Балаларды тасымалдаудың жауапкершілігі зор. Қазір бұл бағыттағы көліктердің талапқа сай болуы қатаң қадағалануда. Біз осы бағыттағы тағы бір іс-шараның күәсі болдық.

ЗАҢҒА БАҒЫНБАҒАН ЖАЗАДАН ҚҰТЫЛМАЙДЫ

Заңға сәйкес, жолаушылар тасымалдау қағидаларын бұзу әкімшілік жауапкершілікке әкеледі. Соның ішінде 12 жасқа толмаған балаларды арнайы жабдықсыз немесе қауіпсіздік белдігісіз тасымалдау деректері ерекше назарға алынды. Әрбір баланың арнайы белдікті тағып отыруы, «Балалар» деген жазуы бар, жарық шағылестырғыш сары таңбамен белгіленген көліктердің пайдаланылуы міндетті талап болып саналады.



Тексеру барысында онға жуық жекеменшік балабақша әкімшілігіне ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 593-бабына сәйкес хаттама толтырылды. Бұл – балалардың өмірі мен денсаулығына немқұрайлы қарауға жол берілмейтінін көрсетеді.

– Жыл басынан бері осындай жекеменшік балабақшалардың көліктеріне қатысты 519 әкімшілік хаттама толтырылды. Оның ішінде 23 автокөлік мемлекеттік нөмірінен айырылып, 9 көлік айып тұрағына қойылған. Сондай-ақ 1 жүргізушіге ҚР ӘҚБтК-нің 608-бабы бойынша хаттама рәсімделді, – дейді Қызылорда қаласы Полиция басқармасы патрульдік полиция батальонының инспекторы Жаңабек Алменбетов.

Айдана БАХТИЯР

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ: жауапкершілік жүгі жеңіл емес

Қоршаған ортаны қорғау – бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі. Өкінішке қарай күнделікті өмірде біз табиғатты қорғау емес, керісінше оған зиян келтіретін әрекеттерді жиі көреміз. Мұндай жағдайлар тек табиғаттың ғана емес, қоғамымыз да болашағына қауіп төндіреді. Экологиялық мәдениет қалыптаспайынша, бұл мәселелер шешілмейтіні анық. Дегенмен әрбір адам өзінің әрекетіне жауапты екенін түсінуі керек. Өйткені табиғатты қорғау тек заң талабы емес, бұл – адамдық парыз.

Осы құқықбұзушылықтарға не жатады және жазасы қандай болмақ? Бұл туралы Қызылорда қалалық полиция басқармасының жергілікті полиция қызметі бөлімінің бөлімше бастығы, полиция майоры Жандос Ахметжан айтып берді.

– Экологиялық құқықбұзушылықтарға қоғамдық пайдаланудағы орындарды қоқыспен ластау, қалалар мен елді мекендердің абаттандыру қағидаларын бұзу, сондай-ақ тұрғындарға ортақ инфрақұрылымдық нысандарды зақымдау, бұзу және бүлдіру әрекеттері жатады. Бұған қоса, көшелерді, саябақтар мен алаңдарды абаттандыруға арналған нысандарды, жол белгілерін, аялдамаларды, жарықтандыру бағаналарын, ойын және спорт алаңдарын сындыру немесе бұзақылық жолмен бүлдіру заңға қайшы әрекет екені сөзсіз. Сонымен қатар жасыл екпелерді, яғни ағаштарды, гүлзарларды, қоғалдарды занысз кесу, сындыру, жою немесе оларға қасақана зиян келтіру де экологиялық бұзушылық ретінде қарастырылады. Мұндай құқыққа қайшы іс-әрекеттер қалалық және ауылдық аумақтардың экологиялық тепе-теңдігіне, халықтың өмір сүру сапасына теріс әсерін тигізіп қана қоймай, қоғамның ортақ игілігіне нұқсан келтіреді, – дейді Жандос Ахметжан.

Аталған экологиялық құқықбұзушылықтар тек қоғамның эстетикалық келбетіне емес, сондай-ақ тұрғындардың қауіпсіздігі мен денсаулығына да тікелей қауіп төндіреді. Қалалар мен елді мекендердің абаттандыру қағидаларын сақтамау, инфрақұрылым нысандарын бүлдіру немесе жасыл екпелерге залал келтіру қоғамға ортақ мүлікті құрметтемеу екені анық. Сондықтан мұндай құқықбұзушылықтарға мемлекет тарапынан қатаң шаралар қолданылады.

– Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 434-2-бабы бойынша ортақ пайдаланылатын, қоғамдық орындарды, саябақтарды, скверлерді ластау, сондай-ақ белгіленбеген орындарға коммуналдық қалдықтарды тастау әрекеттері арқылы әкімшілік жауапкершілікке тартылып айыппұл салынады. Ал 505-бапқа сәйкес қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бұзу, инфрақұрылым объектілерін бүлдіру, жасыл екпелерді жою да әкімшілік жазаға жататын құқықбұзушылықтар қатарына кіреді, – дейді Жандос Ахметжан.

Қоғамдық орындарды қорғау мен экологиялық мәдениетті қалыптастыруда тек айыппұл салу жеткіліксіз екені анық. Жандос Ахметжанның айтуынша, түсіндіру іс-шаралар бірнеше деңгейде жүзеге асырылуда.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2025 жылдың 26 сәуірінде №30 «Ақмешіт апталығы» газетінде «Orda KZ Сервис» ЖШС-гі мен Қызылорда қаласының кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ұстау және пайдалану туралы жариялық шарт жарияланған.

Аталған жариялық шарттың 3.1-тармағына сәйкес, көрсетілетін қызмет түрінің баға және есеп ажырату орын алған жағдайда, бұқаралық ақпарат құралдарына жарияланатыны көрсетілген.

Осыған сәйкес, Қызылорда қалалық мәслихатының 2025 жылғы 15 тамыздағы №288-40/3 шешімімен Қызылорда қаласында 2025 жылға арналған кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төменгі мөлшері ай сайын бір шаршы метр үшін 35 теңге мөлшерінде бекітілгенін хабарлаймыз.

«Orda KZ Сервис» ЖШС әкімшілігі

ОБЪЯВЛЕНИЕ

26 апреля 2025 года ТОО«Orda KZ Сервис»в газете «Ақмешіт апталығы» №30 опубликован публичный договор о содержании и использовании общего имущества объекта кондоминиума города Кызылорда.

Согласно подпункту 3.1 п. 3 вышеуказанного публичного договора указано, что в случае изменения цены и расчета вида оказываемых услуг, изменения будут публиковаться в СМИ, в социальных сетях и объявлениях.

В соответствии с этим, решением Кызылординского городского маслихата от 15 августа 2025 года за №288-40/3 сообщаем, что в городе Кызылорда на 2025 год утвержден минимальный размер расходов на управление объектом кондоминиума и содержание общего имущества объекта кондоминиума в размере 35 тенге за квадратный метр ежемесячно.

Администрация ТОО «Orda KZ Сервис»

2025 жылғы 26 қазанға тағайындалған Қызылорда қалалық мәслихатының шығып қалған депутаттың орнына сайлау бойынша сайлау округі, оның шекаралары мен орналасқан жері туралы хабар

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 6) тармақшасына, 22-бабына сәйкес Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы Қызылорда қаласы мәслихатының шығып қалған депутатының орнына сайлау бойынша №21 бірмандаттық сайлау округінің шекарасы мен орналасқан жерін көрсете отырып жариялайды:

№21 сайлау округі

Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері: Қызылорда қ., Тасбөгет к., Шүкіров көшесі №1, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Әбубәкір Тыныбаев атындағы №11 мектеп-лицей» КММ ғимараты, телефон 87089804926.

Шекаралары: А.Иманов көшесінен бастап Қызылжарма каналының бойымен солтүстік шығысқа қарай Т.Жүнісов көшесіне дейін. Т.Жүнісов көшесінің бойымен оңтүстік шығысқа қарай А.Құнанбаев көшесіне дейін. А.Құнанбаев көшесінің бойымен оңтүстік батысқа қарай Сейітпенбетов көшесіне дейін. Сейітпенбетов көшесінің бойымен оңтүстік шығысқа қарай Н.Өткелбаев көшесіне дейін. Н.Өткелбаев көшесінің бойымен оңтүстік батысқа қарай Ш. Есенов көшесіне дейін. Ш.Есенов көшесінің бойымен солтүстік батысқа қарай М.Шокай көшесіне дейін. М.Шокай көшесінің бойымен оңтүстік батысқа қарай А.Иманов көшесіне дейін. А.Иманов көшесінің бойымен Қызылжарма каналына дейін. «Обоводнитель», «Сантехник», «Рахат», «СПМК-52», «СПМК-6б», «Ірікөл» саяжайларымен қоса.

Кіретін сайлау учаскелері: Қызылорда қаласының №225, №226, №237, №373.

Нұржан НҰТЫМАДИЛЛА

